



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 1 қараша

### **Д. Ақышев - Ағымдағы жағдайда экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз етудің негізгі факторы мемлекеттің ақша-кредит және фискалды саясатын үйлестіру болып табылады**

Ұлттық Банк Үкіметпен бірлесіп ел экономикасы дамуының ағымдағы жылға және орта мерзімді перспективаға арналған нақтыланған болжамын келісті. Олар бүгін қаралып отырған «2017-2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» ҚР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасына кірді.

Бұл туралы ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев бүгін ҚР Парламентінің Мәжілісінде сөз сөйлеген кезде айтып берді.

«Инфляция 2017 жылғы қаңтар-қыркүйекте 4,2% болды, жылдық көрсетуде – 7,1%. Алайда Ұлттық Банк қазан айында инфляцияның өсу қауібін көріп отыр. Бұл жанармай, көмір және көкөніс бағаларының өсуіне байланысты. Осы тауарлар нарығында сұраныс пен ұсыныс дисбалансы бар. Жылдың соңына дейін инфляция нысаналы 6-8% дәліз ішінде сақталады», - деді Д. Ақышев.

«Қазанда валюта нарығы тұрақтанды. 31 қазандағы жағдай бойынша айырбастау бағамы бір АҚШ доллары үшін 334,71 теңге болды. Теңгенің бір айдағы нығаюы 1,9%, жыл басынан бері әлсіреу шамалы – 0,4% болды», - деді Д. Ақышев.

### **Қазақстанның қаржы нарығындағы ахуал туралы Д. Ақышев Мәжілісте айтып берді**

Қазақстанның қаржы нарығындағы ахуал туралы бүгін ҚР Парламентінің Мәжілісінде сөйлеген сөзінде ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев айтып берді.

Ол депозит нарығында долларсыздандыру процестерінің жалғасып жатқанын атап өтті. «Шетел валютасындағы депозиттердің үлесі өткен жылдың қаңтарындағы ең жоғары 70%-дан 49%-ға дейін төмендеді. Валюта нарығындағы тұрақтылықтың сақталуы және инфляция деңгейінің төмендеуі теңгедегі жинақ ақшаны бұдан әрі де ынталандыратын болады».

Д. Ақышевтың айтуынша, кредиттеу нарығындағы жандану жалғасуда: «Жыл басынан бері банктердің экономикаға кредиттерінің көлемі 13,2 трлн. теңгеге дейін 4%-ға ұлғайды. Ұлттық валютадағы кредиттердің көлемі 11%-ға 9,5 трлн. теңгеге дейін ұлғайды. Кредиттер бойынша орташа алынған мөлшерлеме қыркүйекте 14%-ға дейін төмендеді».

Қорытындылай келе ол банктердің тұрақтылығын қамтамасыз ету жұмысы жалғасатынын атап өтті. «Ұлттық Банктің шаралары Банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасында көзделген қаржылай көмек көрсетуді, сол сияқты қадағалау процесін жетілдіруді және тәуекелге бағдарланған қадағалауға өтуді қамтиды. Нәтижесі банк секторын қалыпқа келтіру және экономиканы кредиттеуді жандандыру үшін ынталандыру жасау болып табылады», - деді Д. Ақышев.

## **Инфляция Қазақстанда біртіндеп төмендеуде 6-8% нысаналы дәлізде тұр – Данияр Ақышев**

Инфляция 2017 жылғы қаңтар-қыркүйекте 4,2% болды, жылдық көрсетуде – 7,1%. Алайда Ұлттық Банк қазан айында инфляцияның өсу қауібін көріп отыр. Бұл жанармай, көмір және көкөніс бағаларының өсуіне байланысты. Осы тауарлар нарығында сұраныс пен ұсыныс дисбалансы бар. Жылдың соңына дейін инфляция нысаналы 6-8% дәліз ішінде сақталады. Бұл туралы ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев ҚР Парламенті Мәжілісінің отырысы аяқталғаннан кейін журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып айтып берді.

Ол инфляцияның құрылымында азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының ең көп өсуді (8,2%) көрсеткендігін, бұл халықтың кейінге қалдырылған сұранысының әсерін іске асыру себебі бойынша ұзақ пайдаланылатын тауарлардың қымбаттауынан болғандығын атап өтті. Сонымен қатар ЖЖМ және қатты отын нарығындағы ұсыныстардың күйзелістері азық-түлікке жатпайтын инфляцияны жеделдету факторы болды.

«ҚРҰБ бағалауына сәйкес, ЖЖМ-дың барынша қымбаттауы қыркүйектегі инфляцияға әсер етті, бұл ретте осы тауар бағасының ағымдағы серпіні қазанның қорытындысы бойынша да тұтыну бағасының өсуіне ықпал ете алады. Тұтастай алғанда, бензиннің бағасы немесе энергия ресурстарының басқа да түрлері сияқты осындай құбылмалы фактордың инфляцияға әсері қысқа мерзімді кезеңде аяқталады», - деді Д. Ақышев.

Оның айтуынша, қыркүйекте базалық инфляция немесе энергия ресурстарын, реттелетін қызметтерді, жеміс-көкөніс өнімін, яғни жиі ауытқуларға ұшырайтын құрауыштарды қоспағандағы инфляция, баяулауын жалғастырып, 6,6% болды, бұл жылдық инфляциядан (7,1%) төмен. Осылайша, тауарлар мен қызметтер инфляцияның құрылымында қалыпты және тұрақты серпінді көрсетті, ал жекелеген санаттарда дефляциялық процестер байқалуда.

### **Ішкі валюта нарығындағы ахуал туралы Д. Ақышев айтып берді**

Қазіргі уақытта ішкі валюта нарығындағы ахуал тұрақтанды. Ұлттық валютаның айырбастау бағамы шетел валютасының сұранысы мен ұсынысының теңгерімін көрсетеді. Мұнайдың әлемдік бағасы қалыпты өсуін көрсетуде және бір баррель үшін 60 АҚШ доллардан жоғары.

Бұл туралы ҚР Парламенті Мәжілісіндегі отырыс аяқталғаннан кейін журналистердің сұрақтарына жауап беру кезінде ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев айтып берді.

«Теңге бағамының одан әрі серпіні ең алдымен іргелі факторлардың мұнайдың әлемдік бағаларының және сауда әріптес елдердің валюталары бағамдарының негізінде айқындалатын болады. Еркін өзгермелі бағам режимі сыртқы жағымсыз күйзелістерді сіңіруге мүмкіндік береді, экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді», - деді Д. Ақышев.

Оның айтуынша, өзгермелі режимінде валюта бағамының ауытқуы күнделікті болып тұрады. Бұл ретте айырбастау бағамын айтарлықтай және тұрақтандырмайтын қысқа мерзімді ауытқулар Ұлттық Банктің өктемдіктерімен реттелуі мүмкін.

## **БЖЗҚ салымшыларының шотына бөлінген таза инвестициялық кіріс 2017 жылдың 9 айдың қорытындылары бойынша 462 млрд. теңгеден асты**

БЖЗҚ салымшыларының шоттарына бөлінген таза инвестициялық кіріс 2017 9 айдың қорытындылары бойынша 462 млрд. теңгеден асты. Бұл жөнінде ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев ҚР Парламентінің Мәжілісінде өткен отырыстан кейін журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып айтты.

Ол ұзақ мерзімді перспективада зейнетақы активтері кірістілігінің теңгерімді деңгейін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі инвестициялық стратегиясында түрлі қаржы құралдарынан тұратын әртараптандырылған инвестициялық портфель тұжырымдамасын ұстанады деп атап өтті.

«2017 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша ҚРҰБ-ның басқаруындағы БЖЗҚ-ның зейнетақы активтері 7 544,70 млрд теңге болды, ол жыл басында 6 680,14 млрд теңге болғаннан 864,56 млрд теңгеге артық. Өсім шамамен 13% болды», - деді Д. Ақышев.

Бұл ретте, оның айтуы бойынша, БЖЗҚ зейнетақы активтерінің инвестициялық портфеліндегі борыштық қаржы құралдарын өтеуге орташа алынған кірістілік ағымдағы жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша жылдық 7,8% болды.

«2017 жылғы 1 қазанда портфельде 43,27%-дық негізгі үлесті ағымдағы құны 3 264,72 млрд теңге болған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары құрайды. Инвестициялық зейнетақы активтерінің көлемі бойынша екінші орында Қазақстан Республикасының портфельдегі үлесі 16,77%-ға тең екінші деңгейдегі банктерінің облигациялары тұр. Осы облигациялардың ағымдағы құны 1 265,47 млрд теңгені құрады. Үшінші орында – Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары. Олардың құны 852,85 млрд. теңгені, ал зейнетақы активтері портфеліндегі үлесі – 11,3%-ды құрады», - деді Д.Ақышев.

Қорытындылай келе ол БЖЗҚ-ның сенімгерлік басқаруда тұрған зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы ұлттық валютамен (71,12%), АҚШ долларымен (28,28%) және Ресей рублімен (0,49%) көрсетілгенін атап өтті.

«Зейнетақы активтері бойынша инвестициялық кіріс қаржы нарықтарындағы ахуалға және ҚР Ұлттық Банкі зейнетақы активтерін инвестициялаған қаржы құралдарының құнына байланысты. Зейнетақы активтерінің портфелін басқару бойынша инвестициялық қызмет туралы толық ақпарат БЖЗҚ-ның ресми сайтында орналастырылған», - деп түйіндеді қаржы реттеушісінің басшысы.

## **Қазақстанда қаржы нарығының барлық субъектілерін қорғауды қамтамасыз ете алатын киберқауіпсіздік жүйесі құрылуда – Д. Ақышев**

Қаржы нарығының барлық субъектілерін қорғауды қамтамасыз ете алатын киберқауіпсіздік жүйесі мемлекеттік деңгейде құрылуда.

Бұл туралы ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев ҚР Парламентінің Мәжілісіндегі отырыстан кейін журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып айтып берді.

«Бірінші кезекте, екінші деңгейдегі банктер дербес коммерциялық құрылымдар болып табылады, олардың меншікті ақпараттық қауіпсіздік қызметтері бар. Банктің және оның клиенттерінің қаражатын қорғау олардың өздерінің мүдделері үшін қамтамасыз етіледі. Соған қарамастан, банктердің маңызды шабуылдарға әрдайым төтеп бере алмайтынын ескеру қажет», - деді Д. Ақышев.

Ол Ұлттық Банктің осы саладағы міндеті қаржы нарығының барлық субъектілерінің қатысуымен оларды қорғауды қамтамасыз ететін киберқауіпсіздіктің тиімді жүйесін құру болып табылатынын атап өтті.

Д. Ақышев бұл бағыттағы жұмыстың мүдделі мемлекеттік органдармен тығыз өзара іс-қимыл жағдайында жүзеге асырылып жатқандығын атап өтті: «Қазіргі уақытта мемлекеттік органдар заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша, ақпараттық қауіпсіздіктің салалық жедел орталықтарының жүйесін және ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына ден қою қызметін қоса алғанда, киберқорғаудың бірыңғай мемлекеттік жүйесін құру және жұмыс істеуі мәселелері бойынша жұмыс жүргізілуде». Ол сондай-ақ екінші деңгейдегі банктердегі оқыс оқиғаларға мониторингті жүзеге асыру, осындай оқыс оқиғаларды талдау және ұсынымдар әзірлеу тетігін заңнамалық түрде регламенттеу жөніндегі нормалардың әзірленіп жатқанын нақтылады.

«Заң жобасы ҚР Парламентінің Мәжілісінде қаралуда. Одан әрі, 3-5 жыл ішінде заң жобасында көзделген міндеттерді іске асыру мақсатында елдің киберқауіпсіздігінің бірыңғай жүйесі құрылады, ол оның қатысушыларына ірі кибершабуылдарға тиімді түрде төтеп беруге көмектеседі», - деді Д. Ақышев.

Ол ағымдағы жағдайда тиісті мемлекеттік органдардың орын алған оқыс оқиғаларға ден қою және олардың салдарын азайту жөнінде шаралар қабылдау бойынша нақты өзара іс-қимылы жүзеге асырылуда деп толықтырды.

«Ұлттық Банк таяу және сол сияқты алыс шетелдің ұлттық және орталық банктерімен киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы халықаралық ынтымақтастықты ретке келтіру бойынша қосымша жұмыс жүргізуде, бұл халықаралық ірі кибершабуылдарға барынша тиімді ден қоюға мүмкіндік береді», - деді Д. Ақышев.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)